

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің 24-отырысы өтті

БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің 24-отырысында төмендегі мәселелер қаралды:

1) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдерін шақыра отырып, 2023 жылғы 1 шілдеде күшіне енетін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін талқылау.

2) «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының жобасы.

ҚР Әлеуметтік кодексін түсіндіру жөніндегі бірінші мәселе бойынша "БЖЗҚ" АҚ Заң департаментінің директоры Н.Бақтыбаев таныстырылым жасады.

Спикер 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекстің енгізілуіне байланысты зейнетақы заңнамасына енгізілген өзгерістер туралы баяндап, салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге, зейнетақы жинақтарын тұрғын үй мен емделуге пайдалануға, жерлеуге төленетін төлемнің ұлғаюына, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына және БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының төмендеуіне байланысты мәселелерге толығырақ тоқталды.

Н. Бақтыбаев 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтандыру ұйымымен сақтандыру төлемдерін зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқығы бар адамдардың енді мұндай шартты сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу ұйымының қатысуымен жасалған интернет-ресурс арқылы жүзеге асыра алатынын еске салды.

Бұдан басқа, осы күннен бастап БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары бар бірыңғай жиынтық төлем қолданыстан алынып тасталатын болды.

БЖЗҚ-ға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу (есепке алу), аудару, олар бойынша өндіріп алу, оларды сақтау және есебін жүргізу, ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру мәселелерін реттейтін Әлеуметтік кодекстің нормалары, сондай-ақ, шартты зейнетақы шоттарының құпиялары 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Екінші мәселе бойынша "БЖЗҚ" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы А. Жүкенова сөз алды. Баяндамашы "БЖЗҚ" акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының (СЖҚС) жобасын ұсынды. Онда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін енгізу көзделген. Ол өз өкілеттігін атқарушы орган, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды тұлғаларына қарамастан жүзеге асырады және Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың Қордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-дағдысын қалыптастыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін қалыптастыру мақсаты жеке тармаққа бөлінген. СЖҚС-ға қызметкерлердің қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалануына тыйым салу туралы норма да енгізілді. Сондай-ақ,

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес жақын туыстар тізбесі нақтыланып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапқа тарту туралы норма ресімделді.

Отырыс туралы толық ақпарат мына сілтемеде
<https://www.enpf.kz/kz/about/council/protocols.php>

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).